

"Алматы қаласы аумақтарының функционалдық аймақтарында құрылыш салудың қалакұрылыстық регламенттерін жүзеге асыру жоспарын бекіту туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2006 жылғы 20 қарашадағы № 284 шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

VII сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXI сессиясының 2022 жылғы 20 маусымдағы № 144 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 маусымда № 28575 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 11 ақпандағы № 200 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 11.02.2025 № 200 (01.03.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Алматы қаласы аумақтарының функционалдық аймақтарында құрылыш салудың қалакұрылыстық регламенттерін жүзеге асыру жоспарын бекіту туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2006 жылғы 20 қарашадағы № 284 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 720 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Алматы қаласы аумақтарының функционалдық аймақтарында құрылыш салудың қалакұрылыстық регламенттерін жүзеге асыру жоспарына 4-қосымшада:

Ж-3 бөлімінде жер телімінсіз аз қабатты (2-3 қабат) құрылыш аймағы, соңғы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Шығыс айналма жолының (ШААЖ) Әл-Фараби даңғылының, Сайн көшесінің, Жандосов көшесінің (Сайн көшесінен қала шекарасына дейін) оңтүстігіне қарай орналасқан ғимараттардың параметрлері құрылыштың барлық түрлері үшін ең жоғары биіктігі он екі метрден аспайтын жердің орташа жоспарлау белгісінен парапеттің үстіне (шатыр жотасына) дейін, цокольдық қабатты қосқанда үш қабаттан артық емес етіп белгіленсін, денсаулық сақтау және білім беру объектілерін салуды қоспағанда, бірақ 15 метрден артық емес.";

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Сондай-ақ көрсетілген шаршыда ауыл шаруашылығы мақсатындағы нысаналы пайдалануға арналған жер участкерлерін бөлуге және аз қабатты ғимараттар салуға жол берілмейді, сонымен қатар тау бөктерінің жолағында, оның ішінде еністігі 15 градус және одан жоғары тік беткейдегі алаңдарда.

Жоғарыда көрсетілген нормалар қолданыстағы параметрлер шегінде жүзеге асырылатын барлық ұлгідегі тұрғын үйлерді және кәсіпкерлік қызмет объектілерін қайта жоспарлауға (қайта жабдықтауға, қайта бейіндеуге), реконструкциялауға, жаңғыртуға, күрделі жөндеуге қолданылмайды.";

Ж-5 бөлімінде 6-12 қабатты көппәтерлі тұрғын үйлер аумағы мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Абай даңғылының оңтүстігіне қарай, Әл-Фараби даңғылының солтүстігіне қарай, Яссави көшесінің шығысына қарай, Шығыс айналма жолының (ШААЖ) батысына қарай орналасқан тұрғын үй ғимараттарының рұқсат етілген параметрлері ең жоғары биіктігі отыз бес метрден аспайтын құрылыштың барлық тұрлери үшін жердің орташа жоспарлы белгісінен парапеттің үстіне (шатыр жотасына) дейін 6-9 қабаттан аспайтын болып белгіленсін.

Бұл ретте тұрғын үй ғимараттарының параметрлерін жайлыштың 3-сыныптан төмен емес қолдану қажет.";

1-ЖО жалпықалалық орталық жүйесі (ЖОЖ) аумақтары бөлімінде мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Абай даңғылының оңтүстігіне қарай, Әл-Фараби даңғылының солтүстігіне қарай, Яссави көшесінің шығысына қарай, Шығыс айналма жолының (ШААЖ) батысына қарай жоспарланатын, параметрлері 9 қабаттан жоғары көпфункционалды ғимараттардың сәулет, қала құрылышы негіздемесі, қоғамдық талқылаулардан өткен және қала құрылышы іс-шараларының кешенін өткізуде мемлекеттік органдардың қызметіне қолдау көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін Алматы қаласы әкімдігінің жанынан құрылған консультативтік-кеңесші органның оң шешімі болған жағдайда жол беріледі.

Көпфункционалды ғимараттың тұрғын бөлігіндегі пәтерлерінің құрамы мен алаңы ғимараттың және (немесе) кешенниң жалпы алаңының 30 % аспауы және Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 9-НҚ бұйрығымен бекітілген ҚР ҚН 3.02-09-2019 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 қаңтарда № 19907 болып тіркелді), қолданыстағы нормативтердің талаптарына сәйкес келуі тиіс.".

2. Осы шешім алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы

C. Канкуров